

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 мамыр N 585

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы
"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының
Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Z990453_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж ., N 21, 773-құжат; 2001 ж., N 13-14, 170-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1. 5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:
"10-1) кандидаттың қойылатын біліктілік талаптарына сай келуі бөлігінде мемлекеттік әкімшілік лауазымға тағайындауды келісу;"

2 . 7 - б а п т а :

1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Саяси лауазымдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымдар жатқызылуы мүмкін.";

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер үшін лауазымдар санаттары белгіленеді. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдардың санаттары бойынша тізілімін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді."

3 . 1 2 - б а п т а :

1) 1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасу осы Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық негізде жүзеге асырылады.";

2) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуы ол тиісті бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сай келген жағдайда, мемлекеттік әкімшілік қызметшінің және уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің келісімімен ауысу тәртібімен конкурстық іріктеусіз жүзеге асырылуы мүмкін."

4. 13-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын мемлекеттік органдар лауазымдар санаттарына қойылатын үлгі біліктілік талаптары негізінде әзірлейді және бекітеді."

5 . 1 4 - б а п т а :

1) 3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігінде "немесе жабық" деген сөздер алынып тасталсын;
екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Конкурс орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволарында өткізілген кезде хабарландырулар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады. Жергілікті мемлекеттік органдарда конкурс өткізу туралы хабарландырулар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады."

2) 5-тармақ алынып тасталсын.

6. 15-баптың 1-тармағындағы "Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша" деген сөздер алынып тасталсын.

7 . 2 0 - б а п т а :

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) аттестаттаудан өткен және аттестаттау комиссиясы кадрлар резервтік есепке алуды ұсынған әкімшілік мемлекеттік қызметшілерден";

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кадрлар резервін қалыптастыру және олармен жұмысты ұйымдастыру тәртібі, сондай-ақ кадрлар резервіне есепке алынған азаматтардың мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуы уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдарға орналасуға арналған кадрлар резерві туралы ережемен реттеледі."

3) мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Мемлекеттік саяси қызметтің кадрлар резервін Қазақстан Республикасы

Президентінің Әкімшілігі қалыптастырады.

Мемлекеттік саяси қызметтің кадрлар резерві туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді."

8. 22-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Мемлекеттік әкімшілік қызметші ауыстырылған не мемлекеттік саяси қызметші басқа мемлекеттік лауазымға тағайындалған жағдайда, егер мемлекеттік қызметші бұрынғы жұмыс орнында демалысын пайдаланбаса, онда ақы төленетін жыл сайынғы демалысы жаңа жұмыс орнында заңдарда белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін берілуі мүмкін."

9. 24-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік орган таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік әкімшілік қызметшілер жаңадан құрылған не басқа мемлекеттік органда олардың біліктіліктеріне сай жұмыспен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік әкімшілік қызметші жұмысқа орналастырудан бас тартқан жағдайда, ол заңдарда белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады. Бұл ретте, мемлекеттік органдарда кемінде үш жыл жұмыс стажы бар мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді."

10. 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен

толықтырылсын:

"8-1) мемлекеттік әкімшілік лауазымға мемлекеттік қызмет туралы заңдарды бұза отырып, орналасуы;"

2-бап. Осы Заң ол ресми түрде жарияланған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана, 2002 жылғы " ____ " _____

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК